

«АСЫҚ – АЛТЫН ҚАЗЫНАМ»

Жай күй әуені естіліп тұрады.

Автор: «Асық-алтын қазынам» -деп бекер айтылмаған ғой, шіркін! Сол жылдары асық бүлдіршіндердің сүйіп ойнайтын ойындарының біріне айналған болатын. Мен сіздерге асық жайлы бір керемет аңыз-әңгіме айтып бергім келіп отыр.

- Ежелгі ерте заманда бір қойшы болыпты. Оның 2-3 жасар Асан атты баласы болған екен. Қойшының отбасы күнде ет асып жейді екен. Анасы дастарханға етті әкелгенде әлгі кішкентай балақай дастархан үстіндегі асық жілінне ұмтылып, қолына ұстап ойнағанды ұнатты.

Әкесі: Әй анасы, осы баламыз асықпен ойнағанды қатты ұнататынын байқадым. Мен жіліктің асықтарын тазартып, кептіріп алып жинайын да есейген соң берейін деп шешіп отырмын.

Сәуле: Ия, дұрыс айтасыз.

Автор: Арада біраз жыл өтті.

Бота: Отағасы, баламыз ер жетіп қалды ғой. Әлгі жинап жүрген асықтарыңызды баламызға берсеңіз болар еді.

Әкесі: Ия! Мен де соны ойлап жүрген едім.

Балам, қайдасың? Келе ғой.

Асан: Мен мұндамын әке.

Әкесі: Балам, мен сенің асыққа құмарлығыңды біліп, бірнеше жылдан бері жеген жіліктердің асығын жинап жүрген едім. Бүгін міне, сол асықтарды саған табыс еткім келіп отыр, соның сәті түсіп тұр. Балам, мына бір дорба асық енді сенікі ала ғой!

Асан: Алақай, асықтар! Рахмет әке!

Әкесі: Жарайды балам, мен малдың жем-шөптерін берейін. «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» -деп бекер айтылмаған ғой.

Асан отыра қалып, асықтарды шашып жіберіп ойнай бастайды.

Достары келеді, 6-бала қалып кетеді де, жүгіріп кіреді

4-бала: үйге қарай жүгіруге болмайды

6-бала: Жарайды!

1-бала: Асан, осы асықтың бәрі сенікі ме?

Асан: Ия! Әрине меніңкі.

2-бала: Түу көбін-ай! Асығың алшысынан түссін.

Асан: Рахмет! Келіндер бірге ойнайық.

3-бала: «Асық ойнаған азар. Доп ойнаған тозар» деп «Ханталапай» ойынын ойнайықшы.

Асан: Жарайды! Ойнайық! Мен асықтардың ханымын! Мен хан боламын, хан!

4-бала: Онда бір асықты қызыл түске бояп алайық.

Балалар бір асықты қызыл түске бояйды.

5-бала: Міне « Хан–асық» та дайын болды-деп алдын ала дайын асықты көрсетеді.

Асан: Ал, ендеше « Ханталапай» ойынын бастайық.

1-бала: Достар, мен Ханталапай ойынын қалай ойнау керектігін білмеймін. Маған қалай ойнайтынын түсіндіріңдерші.

Бота: Балалар, мен сендердің әңгімелеріңді естіп, сендермен бірге асықтармен ойнағым келіп тұр. Сендерге «Ханталапай» ойынының шартын түсіндіріп, ойынды сендермен бірге ойнайын (түсіндіреді).

Балалар ойынды ойнап, жалғастыра береді. Сахнада анасы фетрден оюлар қырқып, киіз үй жасап отырады.

Қызы: Анашым, Асанға достары келіп, барлығы Ханталапай ойынын ойнап жатыр. Ал сіздер не істеп отырсыздар?

Анасы: Қызым, біз қазақтың ұлттық оюларын қырқып отырмыз. Бұл Ою неге ұқсайды?

Қызы: Қошқардың мүйізіне.

Анасы: Ия, қошқардың мүйізіне. Сондықтан оны «қошқармүйіз» оюы деп атаймыз. Қошқармүйіз оюы – қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келеді. Ол жануарлар тектес оюлар тобына жатады. Бұл ою өте кең тараған ою. Ол ұлттық киімдерде және текемет, сырмақ, аяққап, т.б. киіз бұйымдарында да жиі кездеседі.

Қызы: Анашым, әжем не істеп отыр екен. Әжеме барып көрейінші.

Анасы: Бара ғой, балапаным.

Ортада әжесі қыздарымен өлең айтып алаша тоқып отырады.

(Алма ағаштың гүліндей-ай)

Қызы: Әже, әпкелеріммен бірге не ісеп отырсыздар?

Әже: Қызым, келе ғой. Біз алаша тоқып отырмыз, бізге көмектес.....

Қыз: жарайды әже.

Әже: «Қызың жақсы болса, өрісің кеңейеді» деген. Үйренгенің өзіңе жақсы, қызым.

Асанның әкесі шығады.

-Ой жарайсыңдар! Асық ойнап жатырсыңдар ма?

Асан: Ия, әке мен Хан болдым, достарымды жеңдім.

Әкесі: Жарайсың, балам!

Домбыра туралы қойылым

Қызы: Әже, сырмақ қалай керемет шықты.

Әжесі: Қарғамау, бірігіп жасаған жұмыс өз жемісін беріп, кереметін көрсетеді.

Қызы: Әже, бауырсақтың иісі шығып жатқан секілді, мен анама барып көрейінші.

Сәуле шығып бауырсақ пісіреді.

Қызы: Анашым! Мен сізге бауырсақ пісіруге көмектесейінші.

Сәуле: Жарайды, қызым! Сен маған бауырсақ тасып беріп тұр.

(Бауырсақ пісіру)

Сәуле: Міне, бауырсақ та дайын болды. Қызым әкенді, әженді, бауырларыңды шайға шақыр.

Қызы: Әже, әке шайға келіңіздер деп шақырады.

Балалар дастарханға отырып шай ішеді, бауырсақ жейді.

1-бала бауырсақты бір қол мен үзеді.

2-бала нанды бір қолмен үзуге болмайды.

Асан: Анашым! Рахмет, бауырсақ өте дәмді болыпты.

3-бала: «Нан болса – ән де болады!»

Ән: «Қазақы дастарханым»

Сәуле: Отағасы дастарханға, келген балаларға бата беріп жіберіңіз.

Әкесі: Ал ендеше қолдарыңды жайындар, бата беріп жіберейін:

Осында отырға әрбіріңе:

Фарабидің басын берсін,

Жамбылдың жасын берсін.

Абылайдың жүрегін берсін,

Әзірет Әлінің білегін берсін.

Иассаuidың тілегін берсін,

Жүздерің нұрлы болсын,

Жүректерің сырлы болсын.

Тілдерің жырлы болсын,

Өнерлерің сегіз қырлы болсын.

Барыс-келіс көп болсын,

Дұшпандарың жоқ болсын,

Қыдыр дарып, бақ қонып,

Дастарқанымыз мол болсын!

Тыныш заман болсын!

Аллаһу акбар!

Күй әуені естіледі.

Автор: Міне, осыдан бастап асық ойындары атадан балаға қалған асыл мұралардың бірі болып саналған екен.

Менің асық жайлы аңыз-әңгімем сіздерге ұнады